



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

бейнелейді. Әдетте, бұл интерфейс модельдегі деректерге сәйкес құрылады. Ұсыну Модельмен жұмыс жасайды. Контроллерге тәуелді емес. Razor(движок), Хелпер, ішанаға ұсыну.

- Controller(Контроллер)- сұраныс қабылдайды, өңдеп, мәліметті шығарады. Координатор, ұсыну мен модель арасын бір- бірімен байланыстырып отырады. Контроллерлер қолданушымен болатын қарым-қатынасты басқарады, модельдермен жұмыс істейді және берілген көріністердің қайсысын өңдеп, қарым-қатынас барысында қолданушыға беру қажет екенін таңдайды. Контроллер Модельмен жұмыс жасайды.

Контроллер мен көрініс модельге тәуелді, ал модель контроллер мен көрініске тәуелді емес. Ұсынылып отырған Asp.net MVC алты түрлі типті үлгілерін ұсынады. Олар: Basic(негізгі), Empty (бос), Internet Application (интернет- қосымша), Intranet Application(интранет қосымша), Mobile Application(мобильді қосымша), Web API (веб- шаблон) проектілерінен тұрады. Аталған типтер ішінде 4 типін мобильді бет құру кезінде қолданамыз.

Empty (бос)-Бос үлгі минимальды сілтеме және ресурстарынан, ұсыну, модель, контроллер, Бос App_Data файлынан, web.config және Global.asax және web.config.App_Start папкасынан тұрады. Бұл үлгі қолдану мобильді –бетті өзіңіз жаңадан құрғыңыз келген жағдайда қолдану тиімді.

Basic(негізгі)-Бұл үлгі негізгі деп аталады. Бос үлгіден ерекшелігі мұнда жаңа папка Content , Script қосылады.

Internet Application (интернет- қосымша)-Интернет- қосымша үлгісі жоғарыдағы үлгіге қарағанда кеңейтілген. Контроллер папкасын 2 (Account controller and Home controller) тұрады. Сонымен қатар осы екі контроллерге сәйкес ұсыну мен модель папкалары толығыады.

Mobile Application(мобильді қосымша)-Мобильді қосымша үлгісі- мобильді құрылғыларға дайын базалық JQuery Mobile JavaScript ,HTML үлгісін ұсынады[3].

ASP.NET технологиясы негізінде программалау мәселесі күрделі әрі тын болғандықтан оның барлық салаларын түбегейлі қамтып шығу мүмкін емес.

Қолданылған әдебиет

1. <http://www.asp.net/mvc>
2. Гайдар Магдануров, ASP.NET MVC FRAMEWORK, 317 б
3. Джеффри Палермо, Джимми Богард . ASP.NETMVC 4 в действии, 407б.

ӘОЖ 371:004

ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУ ҚҰРАЛДАРЫН ҚОЛДАНУ

Самбетова А.Р., Сүлейменова К.Қ.

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ 1- ші курс магистранттары, Астана қаласы

Ғылыми жетекші- М. Серік

Әлеуметтік-экономикалық реформалардың өмірге келуі, техникалық-технологиялық үдерістің ықпалымен кәсіби қызметтің мазмұны мен мінездемесінің өзгеруі, жаңа техник мен технологиялардың қолданылуы мамандарға жаңа талаптар қойды.

Әр елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы білікті мамандардың интеллектуалды потенциалы байланысты кезең туды. Бұл жоғары оқу орындарына жаңа міндеттер қойды. Ол өз кезегінде техникаға, технологияларға және оларды оқу үдерісіне енгізумен және игерумен байланысты және сәйкес білім бағдарламасын жасаумен ұштасты.

Жоғары жалпы міндетті мемлекеттік білім стандарты жасалды, жаңа білім бағдарламасы пайда болды, пәндер циклдары үшін барлық қажетті ерекшеліктер ескерілді, ол сәйкес жоғары оқу орнының мүмкіншіліктерін ескерді және оқу-тәрбие процесінің ғылыми-әдістемелік негізі болды.

Ғылым мен техниканың қазіргі кездегі деңгейі, өндірістің, өнеркәсіптің

автоматтандырылған құрылғылармен жабдықталуы, автоматтандырылған басқару жүйелерінің енгізілуі жоғары білімді мамандардың функционалды міндеттері мен өндірістік қызметінде өзгерістерге әкелді. Бұл жағдай өз кезегінде жоғары оқу орнындағы білім мазмұнына, оқу үрдісі мен формасына ауқымды әсер етті. Қазіргі кезде ғылыми-техникалық үрдістің дамуына байланысты ЖОО-да арнайы пәндердің орнына оқу жоспарларына жаңаша өзгерістер енгізілді. Осыдан барып пәндерді оқыту жүктемесінің көлемі мен мазмұны өзгерді. Мұндай өзгеріс кезінде енгізілген пәннің оқу үрдісінде алатын орны, басқа пәндермен өзара байланысы, жүйелілігі мен бірізділігіне де әсер етті. Оқу материалының мазмұны мен құрылымындағы өзгерістер оқу пәндерінің логикалық-дидактикалық құрылымына әсер етті. Сондықтан да туған дидактикалық проблема сәйкес ғылыми-педагогикалық әдістермен және тиімді шешімін табатын құралдар арқылы шешілуі талап етеді. Жаңа ақпараттық оқыту жүйелерінің дәстүрлі қалыптасқан оқыту ортасына енуінің басты мақсаты – оқу үдерісінің тиімділігін арттыру, яғни маманның құзыреттілік деңгейін арттыру [1].

Қазіргі кезде білім беруді ақпараттандырудың негізгі талаптарының бірі - оқу процесін электронды оқулық немесе оқытудың компьютерлік құралдарын (ОКҚ) жасау және пайдалану. Оқу процессінде компьютерлік оқулықтар, есептер жинақтары, энциклопедиялар, тестілеу мен бақылау, анықтамалық жүйелер және басқа да ОКҚ-лар кеңінен қолданыс табуда. ОКҚ-ны білім берудің ақпараттық технологияларының негізгі бір түрі ретінде қарастыруға болады. Жалпы білім берудің ақпараттық технологиялары дәстүрлі оқыту әдістері мен тәсілдерінде кейбір педагогикалық мәселелерді шешудің жаңа құралдары ретінде пайданылады.

Ақпараттық технологиялардың білім беру жүйесінде белсенді пайдаланылуы оның нақты педагогикалық есептерді шешуге арналған құралы қызметін атқаруымен қатар, дидактика мен әдістеменің дамуына әсер етіп, оқыту мен білім берудің жаңа әдіс-тәсілдерін, формаларын құруға алып келеді. Мысалы, Internet технологияларының кеңінен таралуы қашықтықтан оқыту әдісінің жедел дамуына мүмкіндік туғызуда. Мультимедиялық технологияның, компьютерлік графика мен машықтану жүйелерінің дамуы, кәсіби ортадағы іс-әрекетті бейнелейтін виртуал жағдайға "ену" жолымен оқыту әдістемесінің құрылуына түрткі болды. Ал, компьютерлік желілік машықтандырушы класстардың пайда болуы, іскерлік ойындар мен сайыстар түрінде көп рольді машықтандыру әдістемесінің дамуына ықпал жасады (кәсіби сайыстар мен іскерлік ойындар бұрынан бері кәсіби дайындық пен іскерлікті арттыру барысында қолданылып келген. Ал ақпараттық технология оларды жаңа деңгейде ұйымдастыру мен өткізуге мүмкіндік туғызуда).

Осы айтылғандардан қазіргі уақытта білім беру жүйесінде дәстүрлі құралдарға қарағанда ОКҚ қолдану қажеттігі артып келе жатқандығын көруге болады. Сондай-ақ, ОКҚ-ны дәстүрлі оқу-әдістемелік құралдармен үйлестіре қолданудың тиімділігін практика көрсетіп отыр. Дегенмен, ОКҚ компьютерсіз оқыту құралдарын толығымен алмастыра алмайды. Шындығында ОКҚ дәстүрлі құралдардың тиімді тұстарын ала отырып, оқытудың жаңа сапалық деңгейіне алып келеді [2].

Жаңа ақпараттық оқу технологиялары іске асырыла бастады. Соның ішінде электронды оқу құралдары, цифрлы білім ресурстары қолданысқа енгізіле бастады.

Білім берудің кез-келген саласында электрондық оқулықтарды пайдалану оқушылар мен студенттердің танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды.

Электрондық оқулықтарды дайындаудың бір жүйеге келтіріліп бір заңдылығы болуы керек. Осыған байланысты электрондық оқулықтарды дайындауда мынадай дидактикалық шарттарды ескеру керек:

- Белгілі бір пәнге байланысты дайындылған электрондық оқулықтың сол пәннің типтік бағдарламасына сәйкес болуын;
- Электрондық оқулықтар курста оқылатын тараулар мен тақырыптарға қатысты лекция конспектісін қамтитын негізгі зертханалық және практикалық тапсырмаларды

орындауға арналған қосымша; материалға қатысты анықтама, библиографиядан тұратын көмекші; аралық және қорытынды бақылау сұрақтарынан тұратын тест; материалдарды дайындауда пайдаланылған әдебиеттер тізімдері бөлімдерін қамтуын;

- Электрондық оқулықтың кәдімгі оқулықтар мазмұнын қайталамауын, яғни берілетін тақырыпқа қатысты ақпараттың нақты әрі қысқа берілуін ескеру керек;

- Белгілі бір тақырыпқа қатысты материал 2-3 экрандық беттен артық болмауы тиіс. Егер мәтін көлемі бірнеше экрандық бетті қамтитын болса, онда экранда пайда болатын он жақ тік, төменгі көлденең жылжыту сызықтарын электрондық оқулықты пайдаланушының көп пайдалануына тура келеді. Мұның өзі пайдаланушының материалға қатысты ойын бөледі және мәтінді жоғары-төмен, оңға-солға жылжыта беру пайдаланушының шыдамдылығына да әсер етеді;

- Оқулықты шектен тыс иллюстрациялық, анимациялық тұрғыдан көркемдеу пайдаланушыға кері әсерін тигізуі мүмкін, бірақ, кейбір пәндерге қатысты процестерді анимациялап көрсету, тіпті, кинофильмдер мен диафильмдермен үзінділерін MPEG, AVI типті файлдар ретінде сақтап, оларды гипермәтінді формат арқылы электрондық оқулыққа кірістіру оқулықтың көркемдік, әдістемелік деңгейін арттырады.

“Электрондық оқулықтар жасауда әлі де көп жұмыстар атқарылуда, мектептің, кәсіптік оқу орындарының, колледждердің, жоғары мектептің және қосымша білім беретін курстар пәндеріне байланысты көптеген оқулықтар шығарылуы тиіс [3].

Зерттеу жұмысы барысында теориялық білімді шыңдау әрі тәжірибиеде қолдану мақсатында «Ақпаратты қорғау» пәніне арналған электрондық оқу құралы әзірленді. Бұл электрондық оқу құралы Macromedia Flash бағдарламалары арқылы жасалды. Пән мазмұны негізінен 3 кредиті қамтиды. Теориялық және практикалық материалдар заман талабына сай студенттердің сапалы білімі мен білігін арттырудағы білім берудің жаңа технологиясының бір түрі ретінде қарастыруға болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Серік М. Ақпараттық қоғам шартында студенттердің кәсіптік-ақпараттық бағыттылығын қалыптастырудың педагогикалық негіздері. Екінші басылым. – Астана, 2013. – 154б.

2. <http://www.uniface.kz/index.php?post=article§ion=4&id=27>

3. <http://www.diplomkaz.kz/wp-content/uploads/2013/02/>

УДК 378.147

ПОДГОТОВКА БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ ИНФОРМАТИКИ К ИСПОЛЬЗОВАНИЮ МОБИЛЬНЫХ ПРИЛОЖЕНИЙ ДЛЯ РЕШЕНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ ЗАДАЧ

Саттыбаева Менслу Куанышевна

Магистрант 1 курса, кафедра Информатика,

Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева

Научный руководитель - Омарбеков Е.Е.

В условиях глобальной информатизации современного общества (и образования, в частности) характерной чертой стало то, что образовательный процесс в вузе или школе уже немыслим без широкого использования как информационных и телекоммуникационных технологий, так и информационно-образовательных систем обучения не только для управления образованием, но и для реализации его прямых учебно-воспитательных функций. Так, например, сейчас достаточно широкое применение в образовательной практике как в рамках дистанционного, так и в рамках традиционного обучения, получили различные электронные учебно-методические комплексы, цифровые образовательные ресурсы, образовательные порталы, сайты и др. Это говорит об актуальности применения